



# ТУҒРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№40  
(2211)  
Сенбі  
11 мамыр  
2024 жыл

Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ «ТАҒЗЫМ» АЛАҢЫНА ГҮЛ ШОҚТАРЫ ҚОЙЫЛДЫ

9 мамыр - Жеңіс күні мерекесіне орай қазалылықтар «Тағзым» алаңына гүл шоқтарын қойып, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті.

Аудан орталығындағы «Жеңіс» саябағында өткен мерекелік шара алдында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов бастаған ел ағалары мен аудан тұрғындары сұрапыл соғыста қаза болған азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алып, құран бағыштады.

Мұнан соң аудан әкімі жиынға қатысушылар мен аудан тұрғындарын Ұлы Жеңістің 79 жылдығымен құттықтады.

- Бұл күн тарихта туған жердің бостандығы мен келешек



ұрпақтың бақытты болашағы жолында ерлікпен күресудің жарқын белгісі ретінде алтын

әріптермен жазулы. Ортақ Отанды қорғау үшін біздің ауданымыздан 11 мыңға жуық азамат

майданға аттанып, 6 мыңнан астамы аман-есен отбасына оралды.

Бүгінгі ұрпақ аталарымыздың ерліктерін әрқашан қастерлеп жад-дында сақтайды, ешқашан ұмытпайды. Ұлы Жеңіс күнінде баршаңызға ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін, - деді аудан басшысы өз сөзінде.

Мерекелік шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов пен Ауған соғысының ардагері, генерал-майор, жерлесіміз Әлімжан Ер-ниязов сөз сөйлеп, ізгі лебізін жеткізді.

Шарада аудандағы құқық қорғау салаларында қалтқысыз қызмет етіп жүрген бірқатар азаматтарға аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды.

## АУДАН ӘКІМІ СОҒЫС АРДАГЕРІ ТІЛЕУБЕРГЕН ТОБАБЕРГЕНДІ ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Ұлы Жеңістің 79 жылдық мерекесінде аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аудандағы соғыстың көзі тірі куәгері Әйтеке би кентінің тұрғыны Тілеуберген Тобаберген ақсақалдың шаңырағына арнайы барып, ардагерді мерекемен құттықтады.

Аудан басшысымен бірге зиялы қауым өкілдері отты жылдары кеудесін оққа тосқан батыр майдангердің ерлігіне бас иіп, ілтипат білдірді. Сондай-ақ, бұл құрмет бір күнмен шектеліп қалмайтынын, олардың ерлігі әрдайым дәріптелетінін жеткізді.

Аудан әкімі майдангерге қазақы дәстүрге сай иығына шапан жауып, арнайы сыйлықты табыс етті. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың және аудан әкімінің арнайы мерекелік «Құттықтау хатын» табыстады.

● Көктемгі егіс – 2024

## АЛҒАШҚЫ ДӘН СЕБІЛДІ

Қазалылық дихандар күн жылынғаннан жер тырмалап, егін егуге дайындықты бастап кетті. Қазір шаруалар егістік жерді жыртуды аяқтап, тұқым себу жұмыстарын қолға алуда.

Ауданда алғашқы дән себу рәсіміне орай Бекарыстан би ауылындағы «РЗА Агро» ЖШС-нің егіс даласында «Дала күні» семинар кеңесі өтті.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, Қызылорда облысының құрметті азаматы Самұрат Иман-досов, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы, шаруашылық құрылымдарының басшыла-ры, ауылдық округ әкімдері еңбек ардагерлерімен бірге алқапқа алғашқы дән сеуіп, дихандарға сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, егіс алқабында салалық мекемелер және шаруашылық басшыла-рымен кездесіп, күріш егу жұмыстарының барысымен танысты.

Мұнан соң аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен семинар -кеңес басталды. Онда

аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сей-тов көктемгі егіске дайындық, «Қазалысушар» өндірістік учаскесі бастығының орынба-сары Жанбай Садық егістікті суармалы сумен қамтамасыз ету, «РЗА Агро» ЖШС-нің ди-ректоры Нұрлан Имандосов шаруашылықтағы күріш егуге дайындық барысы туралы ха-барлама жасады.

Аудан басшы-сы дихандарға күріш егу науқанын оңтайлы мерзім ішінде аяқтау үшін ұйымдастыру шаралары-на аса мән беріп, барлық агротехникалық талаптарды қатаң сақтау қажеттігін тап-сырды.

Семинар - кеңес ба-рысында аймақтың егін шаруашылығын дамытуға қатысты бірқатар ұсыныс-пікірлер айтылды. Сонымен қатар аудан әкімі жауапты басшыларға бірқатар тапсыр-малар жүктеді.

Айта кетейік, Қазалы ау-даны бойынша биыл егілетін егіс көлемі 17,3 мың гектар, оның 6200 гектар жеріне күріш дақылын орналастыру межеленген.

**Қазалы ауданы  
әкімдігінің баспасөз  
қызметі**

## ШЕКАРАШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет «Жанқожа батыр» атындағы шекара бөлімшесіне арнайы барып, шекарашылардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Елдің шетінде, желдің өтінде еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қалт жібермей күзетіп

жатқан шекарашыларды мерекесімен құттықтап, қызметтеріне сәттілік тіледі.

Шекара бөлімшесінің бастығы, аға лейтенант Берік Оңтай аудан бастышына еліміздің оңтүстік бағытындағы іргелес Өзбекстан мемлекетімен шекаралас жатқан шекара бөлімшесінің жұмысы туралы баяндады.

Мұнан соң аудан бастышы Жанқожа Нұрмұхаммедұлының мәңгілік тыныс тапқан мекеніне арнайы барып, халық батырының рухына тағзым етіп, бағыштап

құран оқылды.

Айта кетейік, 2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Қызылқұм» шекара бөлімшесіне ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті өкілі, Сыр бойындағы халық көтерілісінің бастышы, қазақ даласының хас батыры – Жанқожа Нұрмұхаммедұлының есімі берілген болатын.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

● Маманның пікірі

## КҮРІШ ЕГІСІ МАМАНДАРЫНА КЕҢЕС

(Жалғасы. Басы 4 мамырдағы №38 санында)

Егістің өнімді болуының негізгі көрсеткіші су мамандарының іскерлігі, білгірлігі және тәжірибелілігі себеп болады. Соңғы кездері Қызылорда облысы көлемінде сумен жұмыс істейтін су мамандарының тапшылығы сезінуде. Соның ішінде Қазалы ауданында да су маманы жетіспейді. Қазалы ауданы бойынша 1974-1990 жылдары 23130 гектар, оның ішінде күріштікке 17873 гектар инженерлік жүйеге келтірілген жер тегістеліп пайдалануға берілді. Сонымен бірге қаншама каналдар, коллекторлар қазылды. Оның бойында сағалық және су реттегіш гидротехникалық имараттар, көпірлер, насос станциялары салынып пайдалануға берілді. Осыншама көлемдегі құрылыс жұмыстары атқарылып мемлекет есебіндегі қаражат жұмсалғандығына қарамастан оны өз дәрежесінде пайдаланып ұқсатуға келгенде тиісті мамандардың жоқтығынан талан-таражға түсіп, су жүретін каналдар, коллекторлар көміліп, лай басып, қамыс, қоғаның шірінділері тосап болып ағынды суларды жүргізбей тастады. Шаруашылық иесі шаруашылық каналдардың сағасынан алған суды аяғына толық жеткізе алмай әуреде түседі.

Егіс науқаны аяқталған кезден бастап су мамандары каналдарды, коллекторларды нивилермен өлшеп, әрбір каналдарға, коллекторларға жасалған паспортына сәйкестендіріп тазартып отыруы керек. Сол кезде сағадан алатын су егістікке дер кезінде барады және дер кезінде графикке сәйкес күрішті бастыруға мүмкіндік туады.

Егістік алқаптың көлеміне байланысты сушы мамандарды күріштік егіске ерекше мән беріп тағайындау қажет. Әрбір шаруашылықта бір бас инженер-гидротехник болуы, оның қарамағында жоғары білімді 2 немесе 3 инженер-гидротехник, әрбір бригадала бір техник гидротехник болу шарт. Ал сушы маман иелеріне тегістелген инженерлік жүйеге келтірілген жерлерді басқаруға

25 гектар бекітіліп берілуі керек. Шаруашылық басшылары әрбір шаруашылықта бір инженер гидрометр ұстауы, су өлшейтін құрал саймандармен қамтамасыз етуі керек. Осылай су мамандарын жасақтау арқылы суды үнемдеп шашпай төкпей пайдалануға болады.

Егістік жерлердің тұздылығын сумен шаю мәселесі күрделі болып келеді. Егістік жердің тұздануы негізінен коллектордың дұрыс жұмыс істемеуінен. Жердің тұздылығын шаймас бұрын оның құрамын лаборатория арқылы тексеріп алу керек. Содан кейін ол жерді зябке жыртып босату қажет, су жүретін жолдарын даярлау, судың шығын шамасын анықтап алу керек. Шайынды суларды коллекторлар арқылы шығарады. Бұл жұмыстар көбіне егіс науқаны аяқталған кезден бастап атқарылады. Себебі, шайынды суларды коллектормен шығару егістіктен шығарылған сумен араласпауы керек.

Қазалы ауданындағы инженерлік жүйеге келтірілген егістік алқап ішінде түрлі гидротехникалық имараттар кездеседі. Олардың өзіндік техникалық атаулары болады және атқаратын қызметтері әр түрлі болып келеді. Мысалы үшін:

- Су алатын каналдардың сағасындағы гидротехникалық имарат - «Главное водовыпускное сооружение» қысқаша аты ВРТ дейміз.

- Канал ішіндегі судың деңгейін көтеретін гидротехникалық имарат «Подпорное сооружение» қысқаша аты «ПРТ» дейміз.

- Каналдың коллектормен қиылысындағы имарат түрлі болып аталады. Оның себебі конструкциялық жобасына байланысты акведук, дюкер, труба пересечение - дейміз.

- Суларды арықтан атыздарға алатын имаратты «Водовыпуск с оросителя в чек» немесе қысқартып айтқанда «ВОЧ» деп аталады.

- Атыздан коллекторге суды жіберетін имаратты — «Водовыпуск из чека в сброс» немесе қысқаша атауы «ВЧС» - деп, аталады.

- Карта бойындағы коллектордан екінші дәрежелі коллекторге сарқынды суды тастайтын имарат - «Концевое сбросное сооружение» - дейміз.

Каналдарға, коллекторларға ауыл шаруашылығы техникалардың жүріп тұруына көпір немесе құбырлы өткелдер тұрғызылады.

Гидротехникалық имараттардың жылма-жыл ақауларын тексеріп оны жөндеп отыру керек. Жеңіл, орташа жөндеу жұмыстарын шаруашылық өз күшімен атқаруы керек. Ал күрделі жөндеу жұмыстарына инвестиция тартып, мердігерлер жөндегені дұрыс. Себебі күрделі жөндеу жұмыстары ірі гидротехникалық имараттарға тән болып келеді.

Егістік атыздағы күріш дақылы үшін күріш себіліп болғаннан кейін суару екі кезеңнен тұрады. 1-кезең суға бастыру 30 күнге, 2-кезең атызда суды тұрақты ұстау 90-100 күнге созылады. Атыздағы судың деңгейлігі орташа есеппен 15 см. болуы керек. Осы ережені сақтап тұру өте маңызды. Себебі судеңгейі атыз ішінде бір қалыпты болуы үшін атыздың тегістігін қамтамасыз ету керек, екіншіден атызға су беретін құлақтағы имаратқа ВОЧ дұрыс қарап қақпақтарын қажетіне қарай ашып немесе жауып тұру керек, үшіншіден атыздағы суды шығаратын ВЧС имарат бітеліп қалмауы керек, төртіншіден әр атыздың аяғына биіктігі 50 см. болатын су деңгейін реттейтін рейка орнату керек. Осы рейка арқылы су деңгейін бір қалыпты ұстау маңызды. Рейкада 0-ден бастап 50 ге дейін цифрлар жазылады. Рейканы түп қазыққа бекітіп отырғызады. Рейканың 0-цифры атыздың беткі қабатының үстіне теңестіреді. Рейканы сушының жүріп тұратын жолына жақын жерге орналастырған дұрыс.

Қандай бір шаруашылық болмасын су пайдалану ережесін сақтау үшін мемлекеттік су арнасынан өзінің шаруашылық каналының сағасына су өлшейтін гидропост орнатқан дұрыс. Гидропост су өлшеуге арналған көпірден, су деңгейін білдіретін рейкадан және су жүретін

қалыпты ұзындығы 20 метр болатын арна қажет. Осы 20 метрлік арна темірбетонмен немесе бетонмен қапталуы керек. Оның себебі су шығынын өлшеуде қателікке бармау үшін қажет. Су шығынын өлшеу үшін алдымен сол арнаға тарировка жасалады, яғни айтқанда әр түрлі деңгейдегі су ағынына құралдар арқылы «Вертушка», «ВМЖ-3» немесе «ЛАГУ» өлшем жүргізу құралы тәсілімен су деңгейлігіне байланысты оның шығынын анықтап отыруға арналған график жасалады. Графикке қарап қажетіне сәйкес сағаданғы имарат қақпағымен реттеп отырады. Ол үшін ішкі шаруашылық каналдардың тапсырысын қадағалап алу қажет. Сонымен бірге күнтізбелік графиктегі су шығынын ескерген жөн. Шаруашылық арнаның сағаданғы имараттар есігін реттеу мемлекеттік суару мекемесі мамандарымен бірлесе жүргізіледі. Ал ішкі шаруашылық арналардың сағасындағы имарат есіктерін реттеу шаруашылық агрономдарымен және бас инженер гидротехниктерінің рұқсатымен реттеледі. Сушылар өзіне бекітілген егістіктегі арналарды реттеуге құқылы.

Шаруашылық басшылары су пайдалану ережесіне сәйкес бір жылда пайдаланатын су шығынын анықтап алуы керек. Ол үшін егілетін дақылға, егіс көлеміне, егістікті орналастыратын алқапқа, арналардың ұзындығына сәйкес су шығыны мөлшерін дұрыс есептеп алады. Осылай жылдық су пайдалану жобасын жасайды және бұл жоба облыстық Арал-Сырдария бассейндік инспекциясында қорғалып бекітіледі. Осы жоба келесі жылдың басында қайта қаралып өзгерістер болып жатырса өзгертіліп қайта бекітіледі. Осындай жобалар тізімін жинақтап облыс көлеміндегі су шығынын анықтауға қол жеткізіледі. Артық су алу мүмкіндігі қысқарады. Сол себептен сушы қауым суды үнемді пайдаланайық. Судың да сұрауы бар Судегеніміз - бұл өмір, тіршілік көзі. Табиғатқа нәр беретін қаны.

**Абдрасулла ЖҰБАНБАЕВ,**  
еңбек ардагері,  
инженер-гидротехник

## АСАН КӨТЕРІЛІСІ

1930 жылғы ша-  
руа көтерілісі – Кеңес  
мемлекеті тарихындағы ең да-  
улы көтерілістердің бірі.

Голощекиннің алдауы  
қазақтардың Түркіменстан,  
Өзбекстан, Ауғанстан, тіпті  
Қытай жеріне жаппай қоныс  
аударуына себеп болды.  
Бұрынғы көтерілісшілер  
билікке бағынуға мәжбүр  
болды, ал жақында үкімет  
әскерлерімен шайқас болған  
ауылдарда ұжымдастырудың  
жаңа толқыны басталды.

Дегенмен, көтерілісті  
жалғастыруға бел буғандар  
да болды. Олар «Биліктің  
езгі мен алдауына төзгенше,  
өлген артық», «Большевиктер-  
мен қасық қанымыз қалғанша  
шайқасамыз» деп Қарақұмда,  
Қызылорда, Алматы ауданда-  
рында ұрандатты. Сол кездегі  
ең ірі көтерілістердің бірі –  
Асан көтерілісі.

Асан көтерілісі  
– қазақтардың күштеп  
ұжымдастыруға, ауыл  
шаруашылығы өнімдерін,  
малды жинау науқанына  
қарсы көтерілісі. 1930 жылы  
тамыз-қыркүйек айларын-  
да Қызылорда облысының  
Қазалы ауданында болған.  
Бұл – Ишан Ақмырза  
Төсов бастаған Қызылқұм  
көтерілісінің жалғасы (1930  
ж. көктемі). Көтеріліске ОГПУ  
қызметкерлерінің астық  
салығын төлеуден  
бас тартқан 22-ші ауыл  
тұрғындары Д.Асанов,  
Ж.Тілеубаев, А.Қалдыбаев  
және Б.Тілеулиевтерді  
тұтқынға алуы себеп бол-  
ды. Шаруалар олар-  
ды күшпен босатып алды.  
Көтерілісшілерге №19, 20,  
21, 23, 24, 25 ауылдар мен  
көршілес Арал ауданы  
қосылды. Қатысушылар саны  
1000-ға жуық адамға жетті.  
Көтеріліске имам Мақсым  
Орымбетов (ОГПУ бойынша  
– Сырымбетов) жетекшілік  
етті. 1930 жылы 4 қыркүйекте  
көтерілісшілер ОГПУ  
әскерлеріне тойтарыс берді.  
40 адам қаза тапты, оның  
ішінде имам Мақсым Орымбе-  
тов бар. Асан көтерілісі басы-  
лып, 98 адам тұтқындалып, 31  
адамға іздеуге жарияланды.

ОГПУ бұл мәселеге бай-  
ланысты 1930 жылдың  
20 қарашасында тергеу  
жұмыстарын жүргізген. 19  
қарашада (1930 ж.) Жұмаш  
Тілеубаев, 20 қарашада  
Әбдіхалық Иімбетов, 1931  
жылы 21 сәуірде Қалымбет  
Еділғараев, Әбдіраман  
Қарағұлов, Жұбатхан Қонысов,  
Пірімбет Жүрекеев, На-  
сыр Мәмбетаев, Арзақынов,  
Мұстафанов, Нұрымбетовті  
ату жазасына кесу жөнінде  
үкім шықты. Бұл аталғандар,  
көтерілісте ерекше  
белсенділік көрсеткен және  
ұйымдастырушы топқа енген  
белсенділер еді.

«Қазалы көтерілісі» кейбір  
деректерде «Асан көтерілісі»  
деп аталады. Бірнеше қайтара  
салынған астық салығын жи-  
нау, адамдарды қорлау, және  
олардың намысына тию аса

дөрекілікпен жүзеге асы-  
рылды. Осындай жағдайға  
қарсылық ретінде Арал және  
Қазалы аудандарынан 3000-ға  
жуық адам күреске шықты.

Қазалы көтерілісін  
тереңірек зерттеген тарихшы  
Н.Байқадамов өзінің еңбегінде  
мынандай құжатты қалдырған.  
Ауыл шаруашылық өнімдерін  
дайындау науқанындағы  
қателіктерді және асы-  
ра сілтеушілікті реттеу үшін  
жоғарыдан Қазақ Өлкелік  
комитетінен Сәрсеков де-  
ген кісі келген. Яғни бұл  
мәлімдемеді мынандай жол-  
дар бар:

«Біріншіден, жоспарлар әр  
кедейдің, батырақтың отбасы-  
на да салынып, бес күн ішінде  
салықты төлеп тұруға тиіс  
болған. Қамаудан, тәркілеуден  
қорыққан қазақ шаруалары  
иттерді, есектерді, түйелерді  
сойып, сүйектерін өткізген.  
Кей жерлерде сиырлардың  
мүйізін қыркуға мәжбүр еткен.  
Екіншіден, өткізілген өнімдер  
үшін 1 тиын да төленбеген».

Дінмен күрес кезінде де  
партия өкілдері солақай са-  
ясатымен тағы да көзге түсті.  
Мешіттер тартып алынып,  
тұқым сақтайтын қоймаларға,  
кеңсеге, адам қамайтын  
абақтыға айналдырылды.  
Қазалы, Қармақшы аудан-  
дарында сыртқа көшкен бай  
отбасыларының салығын  
елде қалған кедейлер мен  
орташалардың мой-  
нына артып қойды. Ол  
үшін белсенділер көп ой-  
ланып жатпады. Мысалы,  
Қазалы ауданының ауыл  
шаруашылығы бөлімінің  
меңгерушісі Қайнарбаев дінге  
сенушілерге арнайы салық са-  
луды енгізді. Сол ауданның  
19-шы ауылының тұрғыны  
Жәлекенің екі атына және  
бір сиырына 112 пұт астық  
салығын салды. Себебі, ол  
кісі ел арасында сопы деген  
атпен танылған.

Осы секілді жағдайлар  
халықтың ызасына тиіп,  
қарапайым халықты «комму-  
нистер жойылсын», «дін  
бостандығы берілсін», «дінді  
қорғайық» деген ұрандармен  
бас көтеруге итермеледі.  
Қолдағы бар деректер-  
ге қарағанда, көтеріліске  
қатысушылар ауылдарды  
аралап жүрген өкілдерге  
өздерінің ашу-ызаларын,  
наразылықтарын айқын  
білдіре бастаған. Мысалы,  
Алтыарық елді мекенінде  
жоғарыдан белгіленген 23 000  
пұт астық өткізу жоспарына  
қарсы жергілікті тұрғындар  
жиын жасап, ашықтан-ашық  
наразылық білдірген. Олар  
астық өткізуге шақырған  
ауылдық кеңестің төрағасы  
Молдабаевтың сөз сөйлеуіне  
мүмкіншілік бермей, сонымен  
қоса астық жинаушы өкілдерге  
таяқ ала ұмтылып, жина-  
лыста арнайы хаттама жа-  
сап, ауылдық кеңестің аты-  
нан мөр бастырып, шешім  
қабылдаған.

Осындай жиынды Қазалы  
милициясының бастығы  
Қайыпов Нұрмақан бастаған

уәкілдер тобы Қараарық деген  
жерде өткізуге талпынған.  
Асанов Дәрмен, Қалдыбаев  
Бошай бастаған халық  
жиналысқа келмей қойған.  
Қарсылық білдіруші халық 11  
тамызда 22-ші ауылдың Қасқа  
деп аталатын елді мекенінде  
Ақжан Ақмамбетовтің үйінде  
жиналып, қалыптасқан  
жағдайды талқылаған.

Енді өкіметке қарсы көтерілу  
қажет дей келіп, жиналыста  
мынандай шешім қабылдаған:  
біріншіден, кеңес үкіметінің  
астық дайындау шарала-  
рына қарсы жұртшылықты,  
халықты ұйымдастыру қажет,  
екіншіден, қалың бұқараны  
кеңес үкіметінің халықты  
жұтататынына, дінді жояты-  
нына сендіріп, оларды үгіт-  
насихатпен бір тудың астына  
жинау қажет. Осыған байла-  
нысты Әбдіхалық Иімбетов,  
Насыр Мәмбетаев бастаған  
бірқатар азаматтар маңайдағы  
көрші ауылдар арасында үгіт  
жүргізуді қолға алды.

Әрине, жергілікті  
басшылардың барлығы бірдей  
надан болған жоқ. Олардың  
арасында да жағдайды түсінуге  
тырысқан азаматтар болды.  
Мысалы, 22-ші ауылдың пар-  
тия ұйымының хатшысы Әли  
Ізімбетов көтерілісшілерге  
қосылып, 22-ші ауылдағы  
наразылыққа қатысқан еді.  
Жергілікті партия ұйымының  
хатшысы мұндай әрекетке неге  
барғанын тергеу кезінде бер-  
ген жауабы айқындап тұр. Оған  
қарағанда, 6 тамызда Қазалы  
қаласынан 22-ші ауылға  
аудандық атқару комитетінің  
тапсырмасымен милиция  
бастығы Қайыпов уәкіл бо-  
лып келіп, жергілікті партия  
және комсомол мүшелерін  
қатыстыра отырып, шағын  
жиналыс өткізген. Бұл жиында  
ауданнан белгіленген астық  
жоспарымен жергілікті активті  
таныстырып, енді оны орын-  
дауды талап еткен. Бұл жо-  
спарда шаруалар үкіметке  
23 мың пұт астықты өткізу  
керегі ашық жазылған еді.  
Бұл шешімге ауылдық партия  
ұйымының хатшысы Ізімбетов  
Әли ашықтан-ашық наразы  
болған. Оның тергеуде бер-  
ген жауабында мынандай  
жолдар бар екен: «Үстіміздегі  
жылы ауданнан берілген 23  
мың пұт астықты дайындау  
жоспарын орындауға бізде  
мүлде мүмкіндік болған жоқ.  
Өйткені су тапшылығына бай-  
ланысты көп жерлерде егін  
шықпай қалды. Соған байла-  
нысты мен мұндай жоспармен  
халық алдына шығуға болмай-  
тынын Қайыповқа ескерттім.  
Бірақ менің ұсынысымды  
Қайыпов қабылдамады».

Осы оқиғадан кейін кеңес  
өкіметінің күштеу саяса-  
тынан қауіптенген 22-ші  
ауылдың азаматтары өз  
беттерімен қорғану үшін  
ұйымдаса бастаған. Олар  
көрші ауылдарға арнайы  
адамдар жіберіп, «Алты арық»,  
«Мақпал», «Майдакөл» де-  
ген жерлерде бірнеше жина-  
лыс өткізіп, Кеңес өкіметінің  
шараларын айыптап, оған

қарсы көтеріліске шығу  
туралы шешім қабылдайды.  
Көтерілісшілер қамшы,  
қарапайым таяқ және  
шоқпар тәрізді қарулармен  
қаруланған. Сондықтан да жа-  
залаушы отряд көтерілісті аз  
ғана уақыт ішінде талқандады.

Көтеріліс басшыларының  
ішінен имам Мақсым Орын-  
бетов, ханға уәзір болған  
Әбдіхалық Иімбетов туралы  
арнайы деректер сақталып  
қалған. Әбдіхалық 37 жасқа  
келген, бай атанғанымен, шын  
мәнінде, 4 ірі қарасы және  
үлкен тамы бар қатардағы  
шаруа еді. Имам Мақсымның  
діндар екендігін ескеріп,  
зерттеушілер көтерілістің  
негізгі ұйымдастырушысы  
және басшысы осы  
Әбдіхалық Иімбетов болса ке-  
рек деп топшылайды. Бұған  
себеп мұрағат құжаттарында  
Иімбетовтің атының жиі  
кездесуі болса керек.

Қортындылай келе, осы  
шайқастарда жергілікті  
көтерілісшілердің 40 адам-  
нан айырылғаны, 14 адамның  
жараланғаны ОГПУ  
деректерінде көрсетілген.  
Хан сайланған Иманмақсым  
осы ұрыста қаза тапты.  
Мұнан кейінгі жазалау ша-  
ралары аса қатал болды.  
Көтеріліске қатысқан 98 адам  
тұтқындалып, 31 адамға іздеу  
салынды. 1931 жылдың басын-  
да ОГПУ үштігінің шешімімен  
9 адам ату жазасына кесілді.  
Бұлар 1931 жылы 4 мамыр-  
да Қызылорда қаласында  
атылған. 28 адам 2 жылдан 10  
жылға дейінгі мерзімге ла-  
герге айдалып, 16 адам жер  
аударылды. Көтеріліске қатыс-  
қандардың көпшілігі жазадан  
қашып, Қарақалпақстанға,  
Өзбекстанға және тағы басқа  
жерлерге көшіп кетті.

Зерттеушілердің кейінгі  
жылдардағы сот  
құжаттарымен таны-  
суы тергеу ісінің кезінде  
шала жүргізілгенін анықтап  
берді. Шын мәнінде,  
көтеріліске қатысқандар  
асығыс жиналған тізім бой-  
ынша жазаланған. Қылмыстық  
істерді жүргізу кодексі өрескел  
бұрмаланып, қамауға алынған  
адамдарға прокурордан  
санкция алынбаған. Тергеу  
орыс тілінде жүргізілген, ау-  
дармашы іске қатыспаған.  
Жауап алу хаттамаларында  
сауатсыз, қарапайым шаруа  
адамдарының қолы орнына,  
сияға басқан бармақтарының  
ізі ғана бар. Тергеуді  
тергеуші емес, оперативтік  
қызметкерлер жүргізген. Со-  
нымен бірге жауапқа тартылған  
адамдардың кінәлары нақты  
дәлелдермен көрсетілмеген.

**Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,**  
**Әл-Фараби атындағы**  
**ҚазҰУ Тарих,**  
**археология және**  
**этнология факультетінің**  
**Қазақстан тарихы**  
**кафедрасының профессоры**  
**Аружан СОЛТАНҚАН,**  
**Ақмарал ТОЙБАЗАР,**  
**ҚазҰУ ның филология**  
**факультетінің**  
**1-курс студенттері**

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ СЕНІМДІ ТІРЕГІ

Тәуелсіз еліміздің Қарулы Күштерінің құрылғанына 32-жыл. Атаулы мере-ке күнтізбеден орын алғалы елімізде сән-салтанатпен аталып өтілуде. Егемендікті, Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы мен ұлттық мүддені қорғау-біздің армиямыздың және Күштік құрылымдардың басты бағдары. Батыр бабаларымыз аманат етіп қалдырған кең байтақ жерімізді қорғау бәрімізге ортақ парыз. Ұранды елдің ұрпағы айбарлы келеді деген дана халқымыз. Бүгінгіайбындыарми-ямыз елдің тыныштығын сақтап, Тәуелсіздіктің қорғаны болуды

зор міндет санайды. Тәуелсіздік алған тұста егеменді еліміздің Қарулы Күштерін құру тура-лы Жарлыққа қол қойылды. Тәуелсіздік таңы атқан тұста жас мемлекетіміздің Қарулы Күштерін қалыптастыруға Ұлы Отан соғысында шындалған Кеңес Одағының Батыры, тұңғыш Халық Қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың қосқан үлесі өлшеусіз. Ол жас тәуелсіз мемлекеттің Қорғаныс министрлігін құрған тұңғыш азамат. Әрине, бос орыннан емес, армия өмір сүрді, бірақ қазақтар арасында бірде-бір полк командирі болмады. Жүргізілген

реформаға байланысты Қарулы Күштеріміздің құрылымы мен саны оңтайландырылды. Олардың құрамы, орнала-суымен тағайындалуы еге-мен Қазақстанның әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды негізге ала отырып нақтыланды. Қазіргі таңда айбынды ар-миямыз кәсіби шеберліктерін шыңдап, еліміздің тыныштығын сақтауда аянбай қызмет атқаруда. Еліміздің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін сақтауда қасиетті Қазалы топырағының көптеген әскери қызметшілерімен жас сарбазда-ры аянбай қызмет атқаруда.

Олар өз жерлестері Ауған соғысының ардагері, генерал Ә.Ерниязовты және де еліміздің түкпір-түкпірінде әскери бо-рышын өтеп жатырған әскери қызметшілерді мақтан тұтады. Жыл сайын ауданнан 200-ден астам жастар Отан қорғауға ат-танады. Олар еліміздің барлық өңірінде әскери борышын өтеуде. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, әрбір жанұяға бірлік бе-реке тілеймін.

**Н.КУЛЬБАЕВ,**  
**Қазалы ауданының**  
**қорғаныс істері**  
**жөніндегі бөлімінің**  
**бастығы,**  
**подполковник**

● Маманның кеңесі

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тура-лы» Қазақстан Респу-бликасы Заңында сы-байлас жемқорлықтың алдын алу шаралары-на басымдық беріліп, алдын алу құралдары енгізілген, олар: сыбай-лас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. Сы-байлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбай-лас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясын-да жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Сыбай-лас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ор-тада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

«Қарашеңгел» ауылдық округі әкімі аппаратында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жо-спарына сәйкес жыл ба-сынан бері мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқытулар өткізіліп, сыбай-лас жемқорлықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бро-шюралар таратылып, ауыл орталығына билборд ілінді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралып отыр. «Қарашеңгел» ауылдық округі әкімі аппаратымен мемлекеттік қызметтің 7 түрі көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтер «elicense.kz» веб порталы арқылы электрондық түрде және кейбір қызмет түрлері кеңсе арқылы қабылданып, заң шеңберінде қаралып, жауаптары берілуде.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қарашеңгел» ауылдық округі әкімі аппаратында 2024 жылдың ақпан айын-да Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі тал-дау жүргізіліп, нәтижелері бойынша талдамалық анықтама құрылды.

«Қарашеңгел» ауылдық округі әкімі аппаратына қарасты Жалаңтөс батыр ауылдық клубында компла-енс қызметі жұмыс істейді.

**Ш.ҚОЖАНТАЕВ,**  
**«Қарашеңгел»**  
**ауылдық округінің әкімі**

## ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ

Жедел ішек инфекцияла-ры – бұл бактериялар, вирустар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Жұқпалы жедел ішек аурулары жаз айларында жиі кездеседі. Себебі бұл мезгілдерде ауа-райы жылы болады, күннің ысуы тағамдардың тез бұзылуына әсер етсе, екіншіден жеміс-жидектердің пісуі, оны адамдардың көптеп пайдалануы осы дерттің көбеюіне ықпал етеді.

Инфекция ауыз арқылы еніп, қоздырғышы ішекте өсіп жетіледі де, микробтары нәжіспен сыртқы ортаға түсіп, тарайды.

Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, яғни жуылмаған көкөністер, пісірілмеген сүт, сапасыз шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ, ауыз суды қайнатпай ішуден жұғуы мүмкін. Жаз айларында инфек-цияны көп жағдайда шыбындар таратады.

Аурудың алғашқы белгілері:

Іштің жиі өтуі, дене қызуының көтерілуі, баланың емшектен бас тартуы, асқа тәбетінің болмауы, шөлдеу, құсу, бас ауруы, жалпы әлсіздік, селқостық, мазасыздық, ауырсыну, дәретінде қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы. Қайталамалы құсық, іш өткен сайын науқастың жағдайы ауырлай түседі.

Өйткені, организм өз тіршілігіне қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастағаннан дәрігерге көріну керек.

Дәрігер келгенше мүмкіндігінше ем жасай бастаған жөн.

Ол үшін сұйықтықты мол, көбірек ішкен дұрыс. Өздігінше емделу аурудың асқынуына

әкеліп соғуы немесе созылма-лы формаларына ұласуы мүмкін. Антибиотик қабылдау сырқаттың клиникалық сипатын өзгертеді, мұның өзі дұрыс диагноз қоюды қиындатады.

Алдын алу шаралары:

Ішек инфекциялары – кір қолдың ауруы. Оның алдын алу үшін:

- жеміс-жидектер мен көкөністерді ағынды су астын-да жақсылап жуғаннан кейін пайдаланыңыз;
- өнімдердің жақсылап қуырылып, қайнатылуына көңіл бөліңіз;

- жұмыртқаны шикі не-месе шала қайнатылған күйінде қолданбаңыз;

- дайын тамақты пайдала-ну кезінде оның ісіне, дәміне мұқият мән беріп, тез бұзылатын тағам өнімдерін тоңазытқышта сақтаңыз;

- арнайы көрсетілген жер-лерде шомылыңыз;

- суды тұтынар алдында міндетті түрде қайнатыңыз не-месе бөтелкедегі суды ішіңіз;

- балаларды әрбір тамақтандыра және тамағын дайындар алдында қолды жақсылап сабындап жуу керек, оның әрбір затын, ойыншықтарын, бөтелкесі мен емізіктерін таза жағдайда ұстаңыз;
- ішек инфекцияларының ал-дын алу үшін жеке бас тазалығын қатаң сақтаңыз;

Кей жағдайларда ауру өте ауыр түрде өтіп, өмірге қауіп ту-дыруы мүмкін. Сол себепті, өткір ішек жұқпаларының жоғарыда көрсетілген белгілерінің бірі Сізге немесе жанұя мүшелеріңізде байқалса, тез арада дәрігерлік көмекке жүгінгеніңіз дұрыс.

**С.ШҮКІРӘЛИЕВА,**  
**Қазалы аудандық**  
**санитариялық-**  
**эпидемиологиялық**  
**бақылау басқармасының**  
**бас маманы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан  
Республикасының Ақпарат  
Министрлігінде 2004 жылғы  
15 наурызда тіркеліп, №4801-г  
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.